

ОӘК отырысында
қарастырылды және бекітілді
«19» қараша 2020 ж. № 3
ОӘК төрайымы
Дүйсенгулова Н.С.



**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру бағдарламасы - (6B04216-Жария құқық, 6B04217-Соттық-құқық қорғау, 6B04218-Жеке құқық, 6B04219-Құқықтану (ҚХР), 6B04107-Менеджмент, 6B04108-Қонақжайлық менеджменті, 6B04109- Мемлекеттік қызмет және басқару, 6B04111- Есеп және аудит, 6B04110-Кәсіпорын экономикасы, 6B04112-Мемлекеттік қаржы, 6B04113-Корпоративтік қаржы, 6B04114-Маркетинг, 6B04115-Digital маркетинг, 6B02303-Мәдениетаралық-коммуникативті аударма, B02304-Техникалық аударма, 6B03105-Клиникалық психология, 6B03106-Ұйымдастырушылық психология, 6B10127-Мейірбике ісін басқару, 6B10128-Жалпы медицина, 6B02102-Дизайн, 6B07325- Сәулет, 6B07326- Құрылыс, 6B06120- Бағдарламалық инженерия, 6B07121-Цифрлық өндіріс, 6B07222- Мұнай инженериясы, 6B07252-Тау-кен және мұнай-газ ісі)


Алматы, 2020 ж.

Мемлекеттік емтиханның бағдарламасы ОӘК отырысында қарастырылады және жыл сайын бекітіледі.

Құрастырған: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Жұман Саят Өлдібайұлы

ГҒЖМ отырысында талқыланды

« 12 » 10 2020 ж., № 3 хаттама

ГҒЖМ деканы  Киричок О.В.

МАЗМҰНЫ:

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН

Орта білім негізіндегі (күндізгі бөлім), техникалық және кәсіби білім (күндізгі, сырттай және күндізгі-қашықтан оқыту түрлері) негізінде оқитын 1-курс студенттеріне арналған.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні туралы түсінік. Тарих, жеке тұлға, мемлекет. Тарих және өркениет. Бүгінгі Отан тарихының қызметі мен принциптері. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын әлемдік тарихи үдерістер аясында қарастыру. Ұлттық тарихтың құндылықтары. «ҚР-да тарихи сананың қалыптасуы концепциясы».

Бүгінгі Қазақстанның тарихын кезеңдерге бөлу. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын зерттеудің негізгі әдістері. Отан тарихын зерттеудегі жаңа теориялық-концептуалдық ұстанымдар. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша деректер мен зерттеулер. Отан тарихын зерттеудің ерекшеліктері. Қазақстанның бүгінгі таңдағы ұлттық тарихының өзекті мәселелері.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің басты **мақсаты**: бүгінгі Ұлы Дала елі аумағындағы тарихи үдерістің бастаулары, негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы объективті мағлұмат беру; Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы, рухани мәдениет, этногенез сабақтастығы мәселелеріне студент назарын бағыттау; студенттерге тарихтың іргелі мәселелерінің мәнін жеткізу; тарихи танымның ғылыми әдістерін пайдалануға студенттерді үйрету және олардың ғылыми көзқарасы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Осыған байланысты төмендегідей **міндеттер** қойылады:

- ✓ студенттерді қазіргі тарих ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, хронологиялық тәртіпке сай ауқымды және нақты материалдармен таныстыру;
- ✓ проблемалық дәрістер әдісін қолдану жолымен студенттерді шығармашылық ойлауға жаттықтыру;
- ✓ Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орнын, оның объектісі мен пәнінің ерекшеліктерін, ең өзекті проблемаларын анықтау;
- ✓ бүгінгі тарих және тарих ғылымының рөлі, оның салалары мен бағыттары, тарихтың белгілі кезеңдеріндегі әлеуметтік және саяси проблемалар туралы түсінік қалыптастыру.